

Біріңді, қазақ, бірің дос көрмесең, істің бәрі бос! Абай



ЕКІБАСТҰЗ ҚАЛАЛЫҚ ГАЗЕТІ. ГАЗЕТ 1992 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

## ЖЫЛ ЛОГОТИПІ, ЖОСПАРЛАР, ЖОБАЛАР...

**Ж. ӘБДІКӘРІМ**

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылының» ақпарат әлеміндегі: баспасөз беттері мен әлеуметтік желілердегі, ресми парақшалардағы нышаны — логотипі әзірленді. Алдағы уақытта «Отарқа» газетінің шығармашылық тобы да оқырмандарына жұмысшы мамандығына қатысты материалдарды осы логотип аясында ұсынатын болады. Соның ішінде жаңадан ашылған «Жұмысшының бір күні» айдарымен берілетін репортаждар оқырман көңілінен шығады деген ойдамыз.

Екібастұз өңірінде Жұмысшы мамандықтар жылына қатысты бірталай жоспар-жобалар қолға алынады. Әсіресе, еңбек жәрмеңкелері барынша жиі өткізілмек.



## ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

— Мансап орталығының өкілдері қала кәсіпорындары мен жұмысшы мамандар даярлайтын колледждерге шығып, меморандумдар жасасатын болады. Негізгі назар тапшы мамандықтарға аударылады. Өндірістік кәсіпорындарда «Мамандығының майталманы» байқауы бұрын да өткізіліп жүрді, енді бұл байқау сирек мамандықтар арасында көбірек ұйымдастырылады. Сонымен қатар, жұмысшы әулеттердің еңбек жолын насихаттауға мән берген абзал. Жергілікті колледждер базасында маман

даярлау, жұмыс берушінің базасында оқыту ісіне қарқын беріледі, — деді Екібастұз қаласы әкімдігі жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімінің басшысы Зейнеп Жақсыбаева.

Жұмысшы мамандықтар жылы кәсіподақтар жұмысына жаңашылдық енгізіп, жұмыс берушілер еңбек адамдарының әлеуметтік жағдайына көңіл бөліп, материалдық құндылықтармен қамтамасыз етуді де естен шығармас деп үміттенеміз.

САЙЛАУ — 2025

## ТӨРТҚҰДЫҚТА — ЖАҢА ӘКІМ

Әдетте жыл басында билікте кадрлық ауыстырыс болып тұрады. 21 қаңтар күні аппараттық кеңесте қала әкімі Аян Бейсекин жаңа қызметке кіріскелі отырған басшыларды көпшілікке таныстырып, қызметтік міндеттерін жауапкершілікпен атқаратындықтарына сенім білдіріп, сәттілік пен табыс тіледі.



**Ж. СӘДУАҚАС**

19 қаңтар күні Төртқұдық ауылдық округінде сайлау өткізіліп, онда көп дауыс жинаған Жанар Амангелдіқызы Уалинова ауылдық округ әкімі болып сайланған еді.

Ол 1978 жылы туған, білімі жоғары. 1999 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін «Ән мен күй» мамандығы, 2008 жылы Қаныш Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институтын «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен

тасымалдауды ұйымдастыру» мамандығы, 2020 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін «Мәдениеттану» мамандығы бойынша аяқтаған.

Жалпы еңбек өтілі — 23 жыл. Әр жылдары Екібастұз қаласы №18 мектебінің мұғалімі, Төртқұдық ауылы клубының меңгерушісі, «Атамұра» мәдениет орталығы директорының орынбасары болып еңбек еткен. Жаңа қызметіне тағайындалғанға дейін Төртқұдық ауылдық клубының әдіскері болды.

## ТАЗАЛЫҚ

### 1500 еуро контейнер қажет

1 қаңтардан бастап қаламызда қоқыс шығаруға шағын және орта бизнес субъектілерінің 1400 бірлігімен келісімшарт жасалған.

**Ж. ҚАДЫРОВА**

Өткен жылдармен салыстырғанда бұл мәселеде өсу қарқыны байқалады, дегенмен

әлі де көптеген кәсіпкерлік нысандарда қоқыс тасымалына келісімшарт жоқ.

Айта кетерлік жайт, жеке тұрған ғимараттарда және көппәтерлі үйлерде кеңсесі бар жеке кәсіпкерліктер мен ЖШС-тер қоқыс шығаруға келісімшарт жасасуға міндетті. Бұл міндеттемені орындамағандар үшін өкімшілік айыппұлдар қарастырылған.

Таяуда қала әкімдігінде

тазалық қағидаларын бұзушыларды дереу анықтап, шара қолдану үшін жұмыс тобын құру жайы пысықталды. Сондай-ақ, коммуналдық кәсіпорындар өкілдерімен жаңа еуро контейнерлер сатып алу жайы сөз болды. Бүгінгі таңда қалаға мұндай контейнердің 1500-і қажет. Қала басшысы Аян Бейсекин ТҮҚШ, ЖК және АЖ бөліміне аталған мәселені қарастыруды тапсырды.

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

### Мұқтаж жандарға сұлулық сыйлады

**Ж. ЖАПАРОВА**

Мәшһүр Жүсіп көшесі, 90 «А» мекенжайында орналасқан косметологиялық кабинеттің иесі — кәсіпкер Әсел Мұқашева қоғам белсендісі Айжан Күртебаевамен бірігіп қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Акция аясында мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған аналарға тегін қызметтер көрсетілді.

Қайырымдылық акциясынан Мәшһүр Жүсіп көшесі, 71 мекенжайындағы сұлулық салонының иесі Диана Тоқсанбаева да сырт қалмай, мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған аналарға шаштараз қызметтерін тегін көрсетті.



## БАСПАСӨЗ — 2025

«Отарқаға» жазылғаның — ана тілімізді қолдағаның!  
«Отарқа» газетіне 2025 жылға жазылу бағалары

Жазылу мерзімі	Редакция бағасы	Поштамен жеткізу арқылы жазылу	
		Қала	Ауыл
<b>Халық, зейнеткерлер, ҰОС қатысушылары үшін</b>			
1 ай	403	492,2	492,2
3 ай	1209	1476,6	1476,6
6 ай	2418	2953,2	2953,2
12 ай	4836	5906,4	5906,4
<b>Кәсіпорындар үшін</b>			
1 ай	806	1151,01	895,2
3 ай	2418	3453,03	2685,6
6 ай	4836	6906,06	5371,2
12 ай	9672	13812,12	10742,4